

Выводы

Сельскохозяйственные формирования, находящиеся по границе резервата, допускают сельхозпалы, в результате которых происходят возгорания лесов. Для предотвращения пожаров от сельхозпалов барьером должна служить охранная зона вокруг территории резервата, в которой необходимо повышать ответственность землепользователей по соблюдению противопожарных правил.

Литература

1. Экологический кодекс Республики Казахстан, Алматы 2007 г.
2. Сводный лесоустроительный проект государственного лесного природного резервата "Семей Орманы" Восточно-Казахстанской области, том 1. – Алматы, 2004, 2005.
3. Основные положения организации и ведения лесного хозяйства государственного лесного природного резервата «Семей орманы». – Алматы., 2003. – 379с.

Елемесов Е.С., Кентбаева Б.А.

«СЕМЕЙ ОРМАНЫ» МОТР-ҒЫ ОРМАН ЕКПЕЛЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватындағы орман екпелерінің жағдайлары бойынша мәлеметтер және орман екпелеріне әр түрлі факторларының әсері айтылады.

Кілт сөздер: орман екпелері, резерват, қолайсыз әсерлер, экологиялық жағдай

Elemesov E.S., Kentbayeva B.A.

ECOLOGICAL CONDITIONS FOREST CROPS IN GFNR “SEMEY ORMANY”

This article presents data on the state of culture in the Sovereign-governmental forest natural reserve "Semeyormany" about the impact of various factors on forest plantations.

Keywords: forest plantations, reserve, adverse effects, environmental condition.

ӘОЖ 630*627.3

Ендеубаев А.М., Абаева Қ.Т., Каспакбаев Е.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«ЖОҢҒАР АЛАТАУЫ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКІНІҢ ТУРИСТІК ЖӘНЕ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДАН ТҮСЕТІН ПАЙДАСЫН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі туристік және рекреациялық шаралардан түскен пайдаға талдау берілген. 2010-ыншы жылдан 2014 жыл аралығында демалушылар мен туристтердің саны, сонымен қатар «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің заңды және жеке тұлғаларға көрсететін қызметтерінің тарифтері келтірілді. 2010-2014 жылдардың орташа көрсеткіштері бойынша түскен пайдасы есептелінді.

Кілт сөздер: мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Жоңғар Алатауы», демалушылар, туристік маршруттар, туристтер, туризм, рекреация.

Кіріспе

XX ғасырдың орта шенінен бастап дүние жүзінің көптеген елдерінде туризм жаппай құбылысқа айналды, осыған байланысты рекреация ұғымы ғылымның зерттеу объектісіне айналды. Рекреация сөзі латын тілінен аударғанда *recreatio* – қайта қалпына келу деген мағынаны білдіреді. Рекреация бұл – адамның физикалық және рухани күштерін еңбек үрдісі процесінде жұмсалудан қайта қалпына келтіру, яғни адам денсаулығының және еңбек қабілеттілігі деңгейінің арттыруымен түсіндіріледі [1].

Рекреация ұғымы сауықтыру-шипажайлы емделу және туризм сияқты демалыс түрлерін қамтиды. Эмоционалдық және психологиялық күштердің, денсаулық пен еңбек қабілеттілігін, тұрғылықты жердің қашықта демалып қалпына келу процессімен сипаттауға болады. Қалпына келу табиғат аясында дем алу, туристік сапарлар және тағы басқалар мысал бола алады. Бұл ұғым 1960 жылы физиология, медицина, әлеуметтік экономикалық әдебиеттерде жұмысшылардың қалпына келуі мен денсаулығын арттыру мақсатында қолданыла бастады [2].

Қазақ жерінің қайталанбас табиғатына аса ұқыпты қарау әрбір саналы азаматтың қасиетті борышы. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстанда таулы агробиотүрлілікті сақтау» аясындағы қаулысына сәйкес ерекше қорғалатын аймақтарды құру жүзеге асып отыр.

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құруда таудағы табиғи ландшафты экологиялық, тарихи және эстетикалық маңызы бар табиғи көркем жерлерді сақтау негізгі міндеті болып табылады. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк бұл – ғылыми зерттеулер жүргізу мен әртүрлі рекреация түрлерін қоршаған ортаны қорғаумен ұштастыратын арнайы мекеме.

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақстан Республикасы Алматы облысының шығысында орналасқан. Жетісу Алатауы батыстан шығысқа 400 шақырымға созылған және негізгі екі ірі тау жүйесінен, яғни солтүстік (Жетісу Алатауының тау сілемдері) және оңтүстік (Көксу-Бораталы тау жүйесі) тұрады.

2010 жылдың 30-шы сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №370 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесі құрылды. Әкімшілік жағынан ұлттық парк Алматы облысының үш әкімшілік ауданында – Ақсу ауданы (орталығы - Жансүгіров ауылы), Сарқан ауданы (орталығы - Сарқан қаласы) және Алакөл ауданы (орталығы - Үшарал қаласы) орналасқан. Парктің жалпы аумағы - 356 022 га. Парктің орталық кеңсесі Сарқан қаласында орналасқан. Ұлттық парктің оңтүстік шекарасы Қытай Халық Республикасы, батыс бөлігі Үлкен Айдаусай өзені аңғарымен, солтүстік шекарасы Желдіқарағай тауымен Сарқан өзеніне дейін жалғасып ары қарай Марқатау тауымен Лепсі ауылынан Тентек, Инелі өзендерімен шектескен [3].

Жоңғар Алатауы батыстан шығысқа 400 шақырымға созылып жатыр және Солтүстік (Жоңғар Алатауы) мен Оңтүстік (Көксу-Бораталы жоталары) сияқты екі негізгі тау жүйелерінде орналасқан. Негізгі тау сілемі болып батыстан шығысқа 300 шақырымға созылып жатқан Жетісу Алатауы (ең биік нүктесі-Семенов-Тянь-Шанский шыңы 4 622 метр) [4].

Материалдар мен әдістер

Қазіргі уақытта ұлттық парк аумағында туристік және рекреациялық іс-шараларды ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде туристік және рекреациялық іс-шаралардың нәтижесінде түсетін пайданы жобалау, инфраструктураның даму деңгейіне байланысты жалпы жоспарлау келесідей бөлімдермен есептелінеді.

1. Ұлттық парк аумағында туристік маршруттарды пайдаланудағы төлемақы:

а) демалушылар, ұйымдаспаған туристтер – арнайы билет сату орындарынан бір реттік немесе фискалды чекті парк қызметкерлерінен сатып алу арқылы парк аумағына кіре алады. Ұлттық парк аумағындағы демалу алаңдары, туристтік соқпақтар, уақытша демалу орындарының бағасы 200 теңгені құрайды. Бұл баға «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі Орман және аң шаруашылығы комитетінің 25.06.2005 жылғы №97а бұйрығына толықтырулар мен өзгертулерге» сәйкес бекітілген;

б) ұлттық паркпен келісім-шарт жасамаған демалушылардың ұйымдасқан топтары мен туристтік фирмалардан келген туристтер ұлттық паркті күндік адам басына 200 теңгемен демалады;

в) арнайы құрылғылармен жабдықталған демалу алаңдарын пайдалана алмайтын тұлғалар 0,2 айлық есептік көрсеткіш немесе АЕК (370 теңге) адам/күн бағасымен төленеді;

2. Ұлттық парк қызметкерлерінің қызмет көрсету ақысы:

а) оқушылардың, студенттердің және ересек адамдардың ұйымдасқан топтарының ұлттық паркпен мәдени-танымдық, оқу және ғылыми мақсатта келісім-шарт негізінде 0,1 АЕК (185 теңге) адам/күн құнымен төленеді. Бұл баға ҚР Үкіметінің 24.02.2003 жылғы №196 бекітілген Нұсқауына сәйкес «Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудағы төлем ақысы» негізінде бекітілген;

б) ғылыми қызметкерлерді дайындау, қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты үздіксіз пайдалану, мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру құны адам басына күніне 200 теңгені құрайды;

в) ұлттық парк аумағындағы мемлекеттік табиғи қорық қорын, табиғи және тарихи-мәдени жәдігерлерді көру және зерттеу үшін келесідей қызметкерлердің қызмет көрсету ақысы келесідей:

- экскурсовод қызметі 15 адамға дейінгі топты күніне 2036 теңге;
- инспектор-жол көрсетуші қызметі 5 адамға дейінгі топты күніне 2113 теңге;
- аудармашы қызметі 15 адамға дейінгі топты күніне 2120 теңгені құрайды.

г) кәсіби фототүсірілімді жүргізу келісіммен жүргізіледі;

д) монша қызметі бір адамға сағатына 650 теңге;

3. Құрылғыларды, аттарды, қайықтарды, автокөліктерді т.б. жалға беру ақысы:

а) ұлттық парк аумағында бір күндік маршруттарды автокөлікпен экскурсия жасау келесідей түрде жүзеге асырылады:

- көліктерге тұрақ орындарының құны бір орын тәулігіне 200 теңге;
- б) автокөліктерді жалға беру ақысы:
 - автобустың (ПАЗ 3205, 20 орын) бір данасы сағатына 1594 теңге;
 - микроавтобустың (7-10 орын) бір данасы сағатына 1326 теңге;
 - жеңіл автокөліктің (НИВА 21213) бір данасы сағатына 1045 теңге;
 - МТЗ-80 тракторының бір данасы сағатына 1422 теңге;
 - атты жалға беру бір данасы тәулігіне 1734 теңге;

в) қоғамдық тамақтану орындарын, сауда және басқа да мәдени-тұрмыстық объектілерін ұйымдастырып, оны жалға беру құны бір шаршы метр орын күніне 72 теңгені құрайды (орташа 10 шаршы метр) – 720 теңге;

г) киіз үйлерді жалға беру (жеткізіп беру) бір данасы тәулігіне 1266 теңге болады;

д) палаткалар (2,4,6 орынды жеткізіп берусіз) бір данасы тәулігіне 211 теңге;

е) қонақ үйлерде тұру (жағдайы жасалмаған) бір адамға тәулігіне 1590 теңге;

4. Табиғат мұражайын, вольераларды қарап-көрудің төлем ақысы:

а) ұлттық парк қызметімен, тарихи-мәдени жәдігерлермен, табиғат ескерткіштерімен танысу бір адамға күніне 200 теңге;

б) музейлерді көру бір адамға күніне 134 теңге;

5. Жидектер мен саңырауқұлақтарды жинау үшін берілетін лицензияның төлем ақысы:

- шектеулі шаруашылық қызметтер мақсатында келген демалушылар – шөп шабу, мал бағу, жеміс-жидектерді жинау, дирекцияда немесе филиал кеңселерінде алынған орман билеттері мен бір реттік талондарды шектеулі шаруашылық мақсатта пайдалану құны адам

басына күніне 0,1 АЕК (185 теңге) болады. Төлемақы туралы мәліметтер «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету тарифінен алынды [3].

Зерттеу нәтижелері

Соңғы бес жылдағы «Жоңғар Алатауы» МҰТП-не келетін демалушылардың саны: 2010 жылы – 72 адам

2011 жылы – 160 адам;

2012 жылы – 200 адам;

2013 жылы – 270 адам;

2014 жылы – 310 адам болды. Көрсетілген мәліметтер «Жоңғар Алатауы» МҰТП-нің экология және туризм бөлімінен алынды. Бұл көрсеткіштер төмендегі диаграммада көрсетілген.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштерді пайдалана отырып келесідей есептерге қол жеткіздік:

Егер соңғы бес жылдағы келушілердің санының орташасын есептесек, яғни:

$72 \text{ адам} + 160 \text{ адам} + 200 \text{ адам} + 270 \text{ адам} + 310 \text{ адам} / 5 \text{ жыл} = 202 \text{ адам/жыл}$.

Жылына ұлттық паркке келетін демалушылар саны 202 адамға тең. Бұл көрсеткішті маусымға, яғни мамыр-қыркүйек айлары шақсақ айына орташа 40 адамнан айналып отыр.


Жоғарыда көрсетілген ұлттық парктегі қызметтер мен жалға беру тізімдерінің орташа қосындысы:

$200 + 200 + 370 + 185 + 200 + 2036 + 2113 + 2120 + 650 + 200 + 1594 + 1326 + 1045 + 1422 + 1734 + 720 + 1266 + 211 + 1590 + 200 + 134 + 185 = 19\,701 \text{ теңге}$.

Осы қаражат ұлттық паркке түсетін бір күндік орташа табыс болып табылады. «Жоңғар Алатауы» МҰТП-ң маусымдық табысы келесідей есептеледі:

$19\,701 \text{ теңге} \times 1 \text{ маусым} = 2\,955\,150 \text{ теңге}$.

Мұндағы, 1 маусым = 5 ай (мамыр-қыркүйек) = орташа 150 күн. 2 955 150 теңге, ол «Жоңғар Алатауы» МҰТП-не түсетін маусымдық қаражаты болып табылады.



1-сурет. 2010-2014 жыл бойынша «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне келген демалушылардың саны

Қорытынды

Қазіргі кезде туризммен рекреацияның дамуына жекеше инвесторлардың қызмет ету сферасы мен туристік инфраструктураның дамуына жол ашу көзделіп отыр.

Жекеше инвесторлардың аймақтық туристік индустрияда келесідей бағыттарды қамтуы тиіс:

- стационарлық қонақ үйлер, туристік базалар, қонаөжайлар, демалыс үйлері, кемпингтер, мательдер, туристік және спорттық орталықтар, дүкендер және басқа да туризм инфраструктура объектілері сияқты жүйелерді ретке келтіру;
- ұлттық парк аумағындағы белсенді серуендеу маршруттарын өңдеу және орналастыру;

Осы шаралар 2002 жылы мамырдағы Бүкіләлемдік экологиялық Саммитте экологиялық туризмді дамыту туралы Квебек декларациясының нұсқауына сәйкес жүзеге асыру керек:

- табиғатты қорғау, жергілікті мәдениет пен ұлттық құндылықтарды сақтау, жергілікті халықпен бірлесе отырып, генетикалық ресурстарды сақтау, жекеше секторлар, үкіметтік емес ұйымдар сияқты қағидаларды ескере отырып, ұлттық, аймақтық және жергілікті экотуризмді дамытудағы саясатты кеңейту;
- табиғи ортаға кері әсер ететін механизмдерді аластату және қоршаған ортаны қорғау саласында үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен тығыз байланыс орнату.

Әдебиеттер

1. Николаенко Д.В. Рекреационная география / Д.В Николаенко - М, 2001 г.
2. Николаенко Н.Д. «Рекреационная география», М. 2006 г.
3. Естественно-научное обоснование. ТОО «Экопроект», 2012 г.
4. Экологическое районирование Алматинской области путем составления карт. ТОО «Экопроект», 2003 г.

Ендеубаев А.М., Абаева К.Т., Каспакбаев Е.М.

АНАЛИЗ ПРИБЫЛИ ОТ ТУРИСТИЧЕСКИХ И РЕКРЕАЦИОННЫХ МЕРОПРИЯТИЙ В «ЖОНГАР АЛАТАУСКОМ» ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ

В статье дается анализ прибыли от туристических и рекреационных мероприятий в «Жонгар Алатауском» государственном национальном природном парке. Приводится количество отдыхающих и туристов с 2010 по 2014 год, а также тарифы услуг, предоставляемые государственным учреждением «Жонгар Алатауский государственный национальный природный парк» физическим и юридическим лицам. Произведен расчет прибыли по средним данным за 2010-2014 годы.

Ключевые слова: государственный национальный природный парк, Жонгар Алатау, отдыхающие, туристские маршруты, туристы, туризм, рекреация.

Endeubaev A.M., Abaeva K.T., Kaspakbaev E.M.

ANALYSIS OF PROFIT FROM TOURISM AND RECREATIONAL ACTIVITIES IN GONGAR ALATAU STATE NATIONAL NATURAL PARK

The article presents the analysis of profit from tourism and recreational activities in Gongar Alatau state national natural Park. Shows the number of vacationers and tourists from 2010 to 2014, and the cost of services provided by public institution "Zhonggar Alatau state national natural Park" physical and legal persons. Calculated of profit on average data for 2010-2014.

Key words: state national natural park, Zhonggar Alatau, holidaymakers, travel routes, tourists, tourism, recreation.